

Оқыту тілі

Қазақ Жасалған

күні

16-04-2024

Өтінім беру күні

18-04-2024 Өтінімнің

номері

011405-018-24

Тізілімде тіркелеген күні

28-06-2024 Тіркеу

номері

011405-018-2075-24

QR код



Өңір

Шығыс Қазақстан облысы

ТжКОББ ұйымы

"Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі" КМҚК

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

«А.Байтұрсынов атындағы № 20 орта мектебі» КММ

Білім деңгейі

Техникалық және кәсіптік

Даярлық бағыты

011 Білім

Даярлық мамандануы

0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Мамандық коды және атауы 01140500

Дене тәрбиесі және спорт

Біліктілік(-тер) коды және атауы

4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі

ҰБШ бойынша деңгейі

4

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын жүзеге асыратын дене тәрбиесі мамандарын даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса) Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Негізгі орта, Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

300

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

05.02.2024 ж. №1

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

14.02.2024 ж. №5

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Модульдік-құзыреттілік

Лицензия

No

Құзыреттер атауы

індекси

1	Қ 1	Қоғамда және кәсіби ортада мемлекеттік, орыс және шет
		тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау.
2	Қ 2	Кәсіби салада жаратылыстану, математикалық, қоғамдық-
		гуманитарлық білімдерді қолдану.
3	Қ 3	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
		Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас
4	Қ 4	жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
		Өз денесін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір
5	Қ 5	салтына назар аудару.
6	Қ 6	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты сандық
		өңдеу әдістерін қолдану.
7	Қ 7	Оқу процесін жүзеге асыру.
8	Қ 8	Білім алушыларды құндылықтар жүйесіне тарту.
9	Қ 9	Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру.
10	Қ 10	Білім алушыларды шығармашылық қызметке баулу.
11	Қ 11	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.
12	Қ 12	Кәсіби өзін-өзі дамуды жүзеге асыру.

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							

1	ЖБП 1. Қазақ тілі	Әдеби қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу,	ОН 1.1. Тіл және Алаш идеясын, қазақ өнерін әлемге танытқан өнер иелерімен танысу. ОН 1.2. Қазіргі қоғам құндылықтары және қазақ тәрбие мектебі туралы оқылым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазуға дағдылану.	5	120	Қ 1	Е
---	-------------------	---	--	---	-----	-----	---

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жанрдағы мәтіндердің стилистикасы.	ОН 1.3. Ұлттық тәлім-тәрбие және саулет өнері туралы оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойын еркін жазып, жеткізе білу. ОН 1.4. Сөз мәдениеті және шешендік өнер, адам өмірін сақтау тақырыбындағы көпшілікке арналған очерктің жанрлық ерекшелігін талдау. ОН 1.5. Жастар мәдениеті және мәселесі, қазіргі қоғам, миграция, зияткерлік миграция тақырыбындағы мәселелерімен танысу. ОН 1.6. Әлемді өзгерткен өнертабыстар және ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау бойынша мәтін құрылымын меңгеру, деректерді талдау. ОН 1.7. Табиғат және экология, еңбек нарығы және сұраныс тақырыбында әр түрлі жанрдағы мәтіндер арқылы білімдерін толықтыру.				
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымын; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктері, негізгі эпизодтарды, кейіпкерлердің іс-әрекеттері; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялықкөркемдік, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілері.	ОН 2.1. Қазақ халқының ағартушы педагог ғалымдарының еңбектерін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну. ОН 2.2. Әдеби шығармаға сюжеттіккомпозициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну. ОН 2.3. Көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу. ОН 2.4. Шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. ОН 2.5. Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау. ОН 2.6. Әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдау. ОН 2.7. Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.	4	96	Қ 1	С

3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында	ОН 3.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.2. Әр түрлі типтегі және жанрдағы мәтіндерді құру. ОН 3.3. Көркем шығармалардың мазмұнын талдау. ОН 3.4. Көркем шығармаларды салыстыру және зерттелген тақырыптар бойынша өз көзқарасың тұжырымдау. ОН 3.5. Өз түсінгенін көрсете отырып, мәтіннің мазмұнын	4	96	Қ 1	Е
---	--------------------------------	--	--	---	----	-----	---

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді құру; әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.	қайталау. ОН 3.6. Көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монологтік мәлімдеме жасау. ОН 3.7. Толық емес сөйлемдерді, күрделі одақтас және одақсыз сөйлемдерді қолдану.				
4	ЖБП 4. Шетел тілі	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқу (тыңдау, көру) арқылы алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; монологтық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде байланысқан жазылымды редакциялау және түзету әдістері.	ОН 4.1. Жазуды рефлексия құралы ретінде пайдалану. ОН 4.2. Жалпы және оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша әңгімелесулерде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану. ОН 4.3. Мәселелерді шығармашылықпен шешу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдалану. ОН 4.4. Шығармашылық мәселелерді шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын меңгеру. ОН 4.5. Мәтіндегі нақты ақпарат пен негізгі ойларды көрсету. ОН 4.6. Проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру.	4	96	Қ 1	С

5	ЖБП 5. Математика	Функцияның түрлерін, қасиеттері мен графиктері, тригонометриялық функцияларды, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлерді, дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері, иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, функцияның шегі мен үздіксіздігі; туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуын, алғашқы функциялар және интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары, кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; көпжақтар түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің көлемі.	ОН 5.1. График салу және функцияларды зерттеу дағдыларын, тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістерін меңгеру. ОН 5.2. Иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу алгоритмін меңгеру. ОН 5.3. Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулерді, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешудің тәсілдерін меңгеру. ОН 5.4. Функциялардың туындыларын есептеу, интегралды олардың геометриялық және физикалық мағыналарын меңгеру. ОН 5.5. Қарапайым ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарын, пайда болу ықтималдығын табу және бағалау. ОН 5.6. Көпжақтар және айналу денелерін білу, олардың элементтерін табу үшін стереометриялық есептерді шешу. ОН 5.7. Айналу денелері мен көпжақтардың көлемін есептеу үшін базалық стереометриялық есептердің негізгі түрлерін шешу.	5	120	Қ 2	Е
---	----------------------	--	--	---	-----	-----	---

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
---	-----------------------	---	------------------	---	---	---------------------------	-----------------------------------

6	ЖБП 6. Информатика	Ақпараттық қауіпсіздік; ғаламдық желідегі ақпаратты қорғау ережелері мен әдістері; аппараттық техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз етілуі, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялар; мәліметтер базасының түрлері; ашық білім беруде блокчейнді қолданудың болашағы; Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи үрдістері; бұлтты технологияларды қолдану салалары; бейне контентпен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар; 3D - панорама және виртуалды түр; Web-дизайн, білім беру сайттарының үлгілері мен дизайны; пайдаланушылар функциясы мен рәсімдері; мобильді қосымшаларды әзірлеуге арналған конструкторлары; білім беру саласында IT қолданатын стартаптардың ерекшеліктері; компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік.	ОН 6.1. Желідегі қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау. ОН 6.2. Мобильді құрылғылардың негізгі компоненттерінің сипаттамаларын білу және виртуалды жадты қолдану. ОН 6.3. Сандарды бір санау жүйесінен екіншісіне ауыстыру және логикалық схемалар мен өрнектерді құру. ОН 6.4. Мәліметтер қорының негізгі ұғымдарын сипаттау, блокчейн технологиясын және электрондық қызметтерді қолдану. ОН 6.5. Бұлтты технологияларды тапсырмалар бойынша ажырату, бейне контентті және 3D панорама жасау, сайттың дизайн макетін әзірлеу. ОН 6.6. Мобильді қосымшаны және алгоритмін әзірлеу, Стартап жобалар тұжырымдамасын сипаттау. ОН 6.7. Желілік компоненттердің жұмысын сипаттау.	3	72	Қ 2	С
7	ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихын; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестер; дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылым және әлеуметтік ұйым; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; ұлттық мемлекеттіліктің жандануын, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті; қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; көпэтносты Қазақстандағы қоғамдар; қоғамдық-саяси ойды дамытуды; саяси құқықтық процестер; ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы және ХҮІІІХХ ғасырлардағы білім беруді дамыту; Қазақстанның білімі мен ғылымын дамыту.	ОН 7.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін сипаттау. ОН 7.2. Тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау. ОН 7.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи-географиялық сипаттамаларын, қоғамдық-саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 7.4. Қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтарын сипаттау. ОН 7.5. Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттау. ОН 7.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси-құқықтық процестер мен қоғамдық-саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 7.7. Әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау.	4	96	Қ 2	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
8	ЖБП 8. Дене тәрбиесі	Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы; алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттары; жеке бас гигиенасы; зиянды әрекеттер және оның адам денсаулығына әсері; кәсіби аурулардың алдын-алу, жарақаттың алдын-алу үшін өндірістік гимнастиканың маңызы; жеңіл атлетика мен гимнастикадағы қауіпсіздік ережелері; жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығуларды орындау ережелері мен техникасы; командалық және ұлттық спорт түрлері бойынша қауіпсіздік ережелері; футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисіндегі ережелер мен техникалық-тактикалық ісқимылдар, ұлттық спорт түрлерінің ережелері, шаңғы және коньки тебу кезіндегі қауіпсіздік шаралары; қозғалыс түрлері; бассейнде және құрғақ жердегі қауіпсіздік шаралары; туризм және оның ережелері; жарақат алған кездегі алғашқы көмек көрсету ережелері.	ОН 8.1. Қауіпсіздік техникасын, алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын білу. ОН 8.2. Жеңіл атлетика жаттығуларын меңгеру. ОН 8.3. Спорттық және ұлттық ойындардың ережелерін, техникатактикалық дайындықтарын меңгеру. ОН 8.4. Гимнастикадан саптық, жалпыдамытушы, қолданбалы және акробатикалық жаттығуларды білу. ОН 8.5. Шаңғы және конькимен қозғалыс техникасын меңгеру. ОН 8.6. Жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды меңгеру. ОН 8.7. Туризмде өткелдерді тану, арқан байлау техникасын ажырату.	5	120	Қ 5	С
9	ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері; әскери жарғылары; тактикалық, атыс, саптық дайындық және әскери топография; әскери робототехника негіздері; өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері; доңғалақты машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері; жол қозғалысы ережелері.	ОН 9.1. Қазақстан Республикасы қорғанысының конституциялық негіздерін, еліміздің Қарулы Күштерінің қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызын түсіну. ОН 9.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери жарғыларының жалпы негіздері мен құқықтық ережелерін білу. ОН 9.3. Ұрыс теориясы мен практикасы мәселелерін, атыс қаруын қолдануды меңгеру. ОН 9.4. Саптық жарғыларының жалпы негіздері мен талаптарын, жергілікті жерді бағдарлаудың негізгі тәсілдерін меңгеру. ОН 9.5. Робототехниканың негізгі даму бағыттары мен роботтардың ерекшелік белгілерін білу. ОН 9.6. Қазақстан Республикасының халқын табиғи апаттардан, терроризм актілерінің зардаптарынан қорғау бойынша бейбіт және соғыс уақытында жүргізілетін негізгі іс-шараларды білу. ОН 9.7. Доңғалақты көлік құралдарын жүргізу негіздері мен ережелерін, жол қозғалысы ережелерін білу.	4	96	Қ 2	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
10	ЖБП 10. Физика	Кинематика және динамика негіздері; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; электростатика; электр тоғы; электромагниттік индукция; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физика; атом ядросының физикасы; нанотехнология мен космология негіздері.	ОН 10.1. Механикалық қозғалыс заңдарын табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттау және түсіндіруде қолдану. ОН 10.2. Газдардың негізгі қасиетін түсіндіруде молекулалық кинетикалық теорияны білу және қолдану. ОН 10.3. Электр және магнетизм табиғатын түсіну, негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу. ОН 10.4. Тербелістер мен электромагниттік толқындардың пайда болу жағдайларын, қасиеттері мен физикалық мағынасын сипаттау. ОН 10.5. Оптикалық құбылыстардың табиғаты мен заңдылықтарын сипаттау. ОН 10.6. Эйнштейн теңдеуі мен фотоэффект заңдарын есептер шығаруда қолдану. ОН 10.7. Нанотехнология мен космологияның негізгі жетістіктерін сипаттау.	4	96	Қ 2	С
11	ЖБП 11. Химия	Атомдар құрылымының қазіргі теориясы, атомдағы электрондардың қозғалысы; химиялық байланыс түрлері; химиялық реакциялар ағымының заңдылықтары; химиялық реакциялардың энергетикасы; айналамыздағы химия; жер химиясы; биохимия.	ОН 11.1. Атом құрылымының қазіргі теориясын, зат пен атом бөлшектерінің маңызды сипаттамаларын түсіну. ОН 11.2. Иондық, металдық, сүтектік байланыстардың түзілу механизмдерін, кристалдық торлардың түрлерін ажырату. ОН 11.3. Элементтердің тотығу дәрежесін, химиялық реакцияның жылдамдығын, элементтердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын анықтау. ОН 11.4. Қайтымды химиялық реакциялардың жылдамдығын және химиялық тепе-теңдікті анықтау. ОН 11.5. Топтағы галогендік қасиеттердің өзгеру заңдылықтарын, периодтық жүйенің 2-тобының (IIA) элементтерін білу. ОН 11.6. Металдар мен қорытпаларды алу тәсілдерін, технологиясы мен өндірісінің негіздерін білу. ОН 11.7. Көмірсулардың, аминдердің, аминқышқылдарының, ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін, маңыздылығын білу.	3	72	Қ 2	С
12	ЖБП 12. Биология	Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар негіздері, тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі, көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық дамуы; селекция негіздері;	ОН 12.1. Бейорганикалық және органикалық заттардың тіршілік үшін маңызы мен қызметін білу. ОН 12.2. Фотосинтез процестерінің ерекшеліктерін және хлоропласт функцияларын талдау. ОН 12.3. Аденозинтрифосфаттың (АТФ) мәнін, жасушалық тыныс алу	3	72	Қ 2	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экожүйе, популяция; тірі ағзалар және қоршаған орта.	механизмін талдау. ОН 12.4. Тірі организмдердің көбеюі мен дамуындағы жасушалық циклдің маңыздылығын анықтау. ОН 12.5. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтарын, эволюция мен селекция механизмін түсіну. ОН 12.6. Биология, физика, механика және информатиканың интеграциясын түсіну. ОН 12.7. Экологиялық міндеттер мен жағдайларды, экологиялық мәдениет негіздері туралы білімді қолдану.				
13	ЖБП 13. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалары.	ОН 13.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру. ОН 13.2. Заманауи картографиялық әдістерді, геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану, географиялық мәліметтер базасын пайдалану. ОН 13.3. Өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 13.4. Қазақстан өңірлерінің геоэкономикалық жай-күйі мен әлеуетін, аумақтық факторларды сипаттау. ОН 13.5. Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды талдау. ОН 13.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері бойынша әлем елдерін салыстыру. ОН 13.7. Жаһандық проблемаларды шешудегі адамзаттың әлемдік тәжірибесін талдау.	3	72	Қ 2	С

14	ЖБП 14. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; компьютерлік графиканың негізгі түрлері; 2D кескіндерді құруға арналған графикалық редакторлары; сызбаны орындаудағы негізгі ережелері; сыздағы геометриялық құрылымы; екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау; қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін салу; 3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау; кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары; геометриялық дене беттерінің жазбасы; пішін құрылымдауы; нәрсенің немесе оның бөліктерінің	ОН 14.1. Компьютерлік графиканың негізгі түрлерін ажырату, 2D кескіндерді және геометриялық сызбаны сызу. ОН 14.2. Проекциялау әдістері мен тәсілдерін, қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сызу. ОН 14.3. Проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың сызбаларын орындау. ОН 14.4. Геометриялық денелерді және басқа да заттарды кескіндеудің негізгі заңдылықтары мен принциптерін меңгеру. ОН 14.5. Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып нәрсенің пішінін түрлендіру. ОН 14.6. Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгеру. ОН 14.7. Әр түрлі саладағы жобалау әдістерін, кезеңдерін анықтау.	2	48	Қ 2	С
----	------------------------------------	---	--	---	----	-----	---

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		кеңістіктегі жағдайын түрлендіруі; стандарттауды; сәулет-құрылыс графикасының элементтері; жобалау әдістері; жобалау үрдісінің кезеңдері.					
15	ЖБП 15. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	ОН 15.1. Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 15.2. Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу. ОН 15.3. Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау. ОН 15.4. XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланысын, ерекшеліктерін анықтау. ОН 15.5. Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 15.6. Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын сипаттау. ОН 15.7. Білім беруді дамытудың қазіргі тенденцияларын, білімнің әлемдік білім беру кеңістігіндегі рөлін сипаттау.	3	72	Қ 2	С

16	ЖБП 16. Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылық; өзара қарымқатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарымқатынас негіздері; педагогикалық технологиялардағы жаһандық құзыреттер; еңбекті бағалаудың әдістері мен нысандары; IT-жүйелермен жұмыс; жобалау менеджменті.	ОН 16.1. Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Экологиялық проблемалар бойынша дәлелдемелерді зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру. ОН 16.4. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Өзінің кәсіби дамуын жоспарлай білу.	1	24	Қ 2	С
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Бала дамуының жалпы заңдылықтарын, адам ағзасының құрылымы; дене шынықтырудың әлеуметтікбиологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салты негіздері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	10	240	Қ 5	С
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуника	Ақпаратты жинаудың, өңдеудің, ұсынудың және берудің қазіргі заманғы технологияларының	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық	5	120	Қ 6	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	циялық және цифрлық технологияларды қолдану	негіздері; ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану негіздері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	және интерактивті вебпорталдардың қызметтерін пайдалану.				
3	ЖММ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	Қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика қағидаттары; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары, факторлары мен шарттары; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандары; бизнестің ұйымдастырушылық және қаржылық негіздері.	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 3.3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	3	72	Қ 4	С

4	ЖММ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтен у және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет; мемлекеттік құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарымқатынастары жүйесінің жұмыс істеуі.	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	5	120	Қ 3	С
---	--	---	---	---	-----	-----	---

Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)

1	КМ 1. Оқу процесін жүзеге асыру	Білім алушылардың физикалық қабілеттерінің және функционалдық жағдайының, дене жүктемелерінің әсерін бағалау үшін медикобиологиялық, биохимиялық білімі; педагогикалық қызметте экологиялық қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптарды, еңбекті қорғауды, жарақаттанудың алдын алу шараларын, шұғыл дәрігерлік көмек көрсету; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту әдістемесі; оқу-тәрбие, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарда қозғалмалы және ұлттық ойындарды жүргізу дағдыларын; туристік ісшараларды ұйымдастыру және өткізуді жоспарлау әдістері, нысандары мен құралдары; дене шынықтыру сауықтыру жұмысы саласында нақты және кәсіби педагогикалық дағдылар.	ОН 1.1. Биохимиялық заңдылықтар мен құбылыстарды сипаттау. ОН 1.2. Биомеханикалық құрылыс ерекшеліктерін білу. ОН 1.3. Экологиялық қауіпсіздікті және оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін ескеру. ОН 1.4. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету. ОН 1.5. Қозғалмалы және ұлттық ойындарды, жарыс тәсілдерін қолдану. ОН 1.6. Спорттық саяхаттар мен сапарларды ұйымдастыру. ОН 1.7. Дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.	20	480	Қ 7	С, Е
---	---------------------------------	---	---	----	-----	-----	------

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
---	--------------------	--	------------------	---	---	---------------------	-----------------------------

2	КМ 2. Білім алушылардың құндылықтары жүйесіне тарту	Педагогикалық қызметті адамгершілік-этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес ұйымдастыру, дене шынықтыру және спорт саласындағы халықаралық құқықтық құжаттардың негізгі ережелері; тәрбие жұмысының заманауи формалары мен әдістері; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, түрлі мәдениетке ашықтық; атаанамен жұмыстың мақсаты мен міндеттері, ата-аналар қоғамымен ынтымақтасудың басты бағыттары; жалпы психология негіздері, мазмұны, принциптері, таным үрдістері, психикалық қасиеттер мен психологиялық жағдайлар, олардың даму жолдары; балалар жарақаттарын диагностикалау, алдын алу, емдеу және оңалту әдістері; сынып оқушыларымен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастырып, өткізудің әдістемелері.	ОН 2.1. Педагогикалық қызметті құқықтық нормаларға сәйкес ұйымдастыру. ОН 2.2. Тәрбие жұмысының заманауи формалары мен әдістерін қолдану. ОН 2.3. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықты сақтай отырып, түрлі мәдениетке ашықтықты таныту. ОН 2.4. Спорттық шараларды ұйымдастыруда ата-аналармен, қоғаммен ынтымақтастық орнату. ОН 2.5. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін білу. ОН 2.6. Балалар зақымдануының алдын алу және сауықтыру механизмін білу. ОН 2.7. Тәрбие жұмысының нәтижесін талдау.	23	552	Қ 8	С, Е
3	КМ 3. Оқуәдістемелік қызметті жүзеге асыру	Оқыту әдістері мен формаларын, оқыту әдістерін таңдауды, оқыту әдістерін қолдануға қойылатын талаптар; оқыту процесінің психологиялық негіздері; спорттық ойындар ережесі; дене тәрбиесі сабақтарында спорттық ойындарды ұйымдастыру және пайдалану жолдары; гимнастика техникасы мен әдістеріне үйрету; мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін жүргізу әдістемесі; дене тәрбиесі мұғалімдерінің оқутәрбие жұмысын жоспарлау жүйесі; дене тәрбиесі сабақтарын жоспарлау мен өткізу.	ОН 3.1. Оқыту әдіс-тәсілдері, формалары және құралдарын білу. ОН 3.2. Жас және жеке даму заңдылықтарын білу. ОН 3.3. Спорттық дағдыларды дамыту бойынша әдістер мен тәсілдерді қолдану. ОН 3.4. Гимнастикалық жаттығулардың орындалу әдістерін меңгеру. ОН 3.5. Спорттық ойындарды ұйымдастыру, өткізу. ОН 3.6. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін жүргізу. ОН 3.7. Сабаққа арналған оқу материалдарын әзірлеу.	26	624	Қ 9	С, Е
4	КМ 4. Білім алушылардың шығармашылық қызметке баулу	Оқушылардың түрлі ісәрекетін ұйымдастыру; қазіргі педагогикалық технологияларды өз ерекшеліктеріне сай практикада қолдану; дене тәрбиесінен оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тиімді ұйымдастыру; шаңғы және коньки тебу үйірмелерін, сабақтарды, сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және	ОН 4.1. Оқушылардың түрлі ісәрекетін жобалау. ОН 4.2. Оқытудың заманауи технологияларын қолдану. ОН 4.3. Дене тәрбиесінде оқушылардың шығармашылық жұмысын ұйымдастыру. ОН 4.4. Шаңғы және коньки спортынан дайындық деңгейін жетілдіру. ОН 4.5. Оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын әзірлеу. ОН 4.6. Оқытудың инновациялық	26	624	Қ 10	С, Е
№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттегі саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары

		ұйымдастыру; оқу-тәрбие үрдісінде гимнастиканы оқыту мақсаттарына сай оқу материалдары; инновациялық формалар мен оқыту әдістерін қолдана отырып, дене тәрбиесі сабақтары; жазғы сауықтыру лагеріндегі спорт нұсқаушысы жұмысы.	формалары мен әдістерін қолдану. ОН 4.7. Жазғы сауықтыру лагерінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыру.				
5	КМ 5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	Оқу жетістіктерін бағалау процесін жүзеге асыру; спорттық ойындарды, жеңіл атлетика және гимнастикадан бағалау құралдарын әзірлеу; дене тәрбиесін оқытуда критериялды бағалау жүйесін қолдану; жеңіл атлетикадан спорттық дайындық деңгейін жетілдіру жолдары; ғылыми педагогикалық зерттеу негіздері; педагогикалық іс-әрекетті жобалау технологиясы; дене тәрбиесінен оқу процесінің нәтижелерін талдауды, білім сапасының мониторингін жүргізу.	ОН 5.1. Оқушылардың үлгерімін бақылау әдістері мен технологияларын білу. ОН 5.2. Дене тәрбиесі сабағынан оқу жетістіктерін бағалау құралдарын әзірлеу. ОН 5.3. Дене тәрбиесінен критериялды бағалау жүйесін қолдану. ОН 5.4. Жеңіл атлетикадан спорттық дайындық деңгейін жетілдіру. ОН 5.5. Педагогикалық іс-әрекетті зерттеу және жобалау. ОН 5.6. Дене тәрбиесі сабақтарын өткізу.	27	648	Қ 11	С, Е
6	КМ 6. Кәсіби өзін-өзі дамуды жүзеге асыру	Педагогикалық іс-тәжірибені зерттеу және тарату әдістері; дене тәрбиесінен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды басқару; оқушылармен педагогикалық мақсатқа сай спортшы тұлғасының психологиясы, қызмет стилі; дене тәрбиесінен білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу; білім алушылардың дене дамуын бақылауды, спорт түрлерінен дайындық деңгейін жетілдіруді, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.	ОН 6.1. Іс-тәжірибені зерттеу және тарату әдістерін білу. ОН 6.2. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды басқару. ОН 6.3. Кәсіби өзін-өзі дамытудың психологиялық негіздерін меңгеру. Кәсіби шеберлікті жетілдіру. ОН 6.4. Білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысу. ОН 6.5. Кәсіби қызметте білім беру ресурстарының кең мүмкіндіктерін қолдану. ОН 6.6. Білім беру бағдарламасын меңгеруді жетілдіру.	23	552	Қ 12	С, Е
Аралық аттестаттау				12	288		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс				60	1440		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		